

**Сабынды ауылының Үсенов атындағы ЖОББМ 2024 – 2025 оқу жылы  
барысындағы әлеуметтік педагогтың жылдық есебі**

Үсенов атындағы Сабынды орта мектебінде оқу жылы басында I – тоқсанында 288 оқушы бар. 2024– 2025 оқу жылы барысында 1 – 11 сынып аралығындағы сынып жетекшілерден әлеуметтік паспорт таратылып оқушылардың әлеуметтік статусы толтырылды. 2024 – 2025 оқу жылында мектебімізде:

Толық отбасылар	139	48
Толық емес отбасылар	16	5
Анасы жоқ балалар	0	0
Әкесі жоқ балалар	11	3
Көп балалы отбасы	49	16
Аз қамтамасыз етілген отбасы	0	0
Жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар	0	0
Мүгедек балалар, мүмкіндіктері шектеулі балалар	5	1,7

1 қыркүйектен бастап көп балалы, аз қамтылған, толық емес отбасыларға берілген әлеуметтік көмектің есебі жиналып, білім бөліміне тапсырылды. Сынып жетекшілерге сыныптың әлеуметтік паспорты таратылып, ақпараттар толтырылды. Соған сәйкес, көп балалы, аз қамтылған, толық емес отбасылардың тізімі құрылды. Күнделікті білім бөліміне есептер тапсырылып отырды. Барлық құжаттарды номенклатураға сәйкестендірілді. Қамқоршылық кеңес мүшелері және асхана комиссия мүшелері жаңартылды. Жыл басынан тамақтанудың екі отырысы өткізілді. Оқушылардан тамақтың сапалылығы бойынша сауалнамалар алынып отырады. Қазіргі таңда оқушының жеке әлеуметтік картасы жеке-жеке толтырылып жатыр.

Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Галина Саркыт Жаксылыковна мен мектеп психологы Женисбекова Мадина Сериковна және мектептің әлеуметтік педагогы Ергалиева айзада Шакеновна бірлесе отырып жағдайы төмен, аз қамтылған отбасылардың әлеуметтік тұрмыстық үй жағдайы бақыланып АКТ толтырылды.

Инклюзивтік білім беру бойынша 1 бала: Рамазан Шапағат үйде оқытылып жатыр. Тоқсан сайын Рамазан Шапағаттың үйіне барып әлеуметтік жағдайы тексерілді. Тексеріс барысында Шапағатта оқу және тіл дамыту пәні өткізіліп отырды. Пән мұғалімі Халабаева Зульфия Рахатовна, оқушының сабаққа деген қызығушылығы жақсы, оқу және тіл дамыту пәнінен әріптер мен сөздерді мұғалімнің көмегіне жүгінеді екен. Дене дамуы өз жасына сай. Мұғаліммен қарым – қатынасы жақсы. Оқушының үй тұрмыс жағдайы

тексерілді. Әлеуметтік педагогтың оқушыға деген тұжырымдамасы толтырылды.

Әлеуметтік жағдайына байланысты тегін тамақтанумен қамтамасыз етілген оқушылардың тізімі, өтініштері қабылданып ұйымдастыру жұмыстары жасалынды. Күнделікті ыстық тамақпен қамтамасыз етілуі қадағаланып отыр.

Қолайсыз отбасыдан, өгей әке, өгей анамен тұратын отбасыларды тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С.Галина, мектеп психологы М.Женисбекова және әлеуметтік педагог А. Ергалиевамен үй тұрмыстық жағдайлары тексерілді. Қолайсыз отбасы-2 отбасы, 3 бала тіркелген.

Зорлық-зомбылыққа қарсы белсенді іс-қимылдың Сабынды ауылының Үсенов атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде 5-10 сыныптардың қатысуымен зорлық –зомбылыққа жол бермейік атты тренинг өткізілді. Мектеп психологы Женисбекова М.С. оқушыларға зорлық-зомбылық туралы баяндама оқып, сауалнама алды және де мектептің әлеуметтік педагогы Ергалиева А.Ш. оқушылармен тренинг өткізді.

Буллингты алдын-алу бойынша сауалнама алынды, сауалнама бойынша жұмыстар жүргізілді.

7, 8,9,10,11 сынып қыздарымен «Ерте жастағы жүктіліктің зардабы» атты тренинг өткізілді. Тренинг барысында әлеуметтік педагог баяндама оқыды. Желтоқсан айында әлеуметтік мәртебесі бар отбасыларға ыстық тамаққа құжаттар жинау керектігі туралы хабарландырылды. Құжаттар қабылданып, қамқоршылық кеңес отырысы өткізілді. Қамқоршылық кеңес қорытындысы бойынша 5 отбасы, оның ішінде 14 оқушы әлеуметтік мәртебесі бар ыстық тегін тамақпен және 1-4 сынып оқушылары- 112 бала жаппай тегін тамақпен қамтылсын деген шешімге келді. Жазғы лагерь ұйымдастырылды. Алдағы уақытта материалдық көмекке құжаттар жинақталады.